МРНТИ 11.25.41 https://doi.org/10.51889/10.51889/1728-550X.2026.86.3.004

К.С. Нурғалым [1], А. Әбдіғали[2]
[1]саяси ғылымдардың кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Сорбонна – Қазақстан институты, Халықаралық құқық кафедрасының доценті
[2]Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының Халықаралық құқық мамандығының 1 курс магистранты

ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Бұл мақалада халықаралық жеке құқықтағы отбасы құқығының негізгі объектісі мен оның реттелу ерекшеліктері қарастырылады. Әртүрлі мемлекеттер арасындағы құқықтық айырмашылықтардың отбасылық қатынастарға әсері талданып, қолданылатын құқықты анықтау мәселелері зерттеледі. Зерттеу барысында отбасы-құқықтық қатынастардың трансшекаралық сипаты, оларды реттеудегі коллизиялық нормалардың маңызы, сондай-ақ әртүрлі құқықтық жүйелер арасындағы айырмашылықтар қарастырылады. Автор некеге тұру, некені бұзу, ата-ана мен бала арасындағы құқықтық қатынастар, алименттік міндеттемелер және бала асырап алу мәселелерін халықаралық жеке құқық нормалары тұрғысынан талданады. Сонымен қатар, халықаралық шарттардың, ұлттық заңнамалардың және сот тәжірибесінің отбасы қатынастарын құқықтық реттеудегі ықпалы айқындалады. Мақаланың ғылыми жаңалығы халықаралық жеке құқықтағы отбасы құқығын дербес әрі негізгі құқықтық объект ретінде бағалау арқылы оның құқық қолдану тәжірибесіндегі өзекті мәселелерін анықтаудан көрінеді. Зерттеу нәтижелері құқық қолдану практикасы мен ғылыми ізденістерде пайдалануға ұсынылады.

Кілт сөздер: Халықаралық жеке құқық, отбасы құқығы, халықаралық құқық, неке, ажырасу, бала асырап алу, халықаралық конвенциялар, халықаралық шарттар.

Нурғалым К.С.[1], Әбдіғали А.[2]
[1]к.полит.н., доцент кафедры международного права института Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им. Абая
[2]магистрант 1 курса, специальность « Международное право», Институт Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им.Абая

СЕМЕЙНОЕ ПРАВО КАК ОБЪЕКТ МЕЖДУНАРОДНОГО ЧАСТНОГО ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

В данной статье рассматривается основной объект семейного права в международном частном праве и особенности его регулирования. Анализируется влияние правовых различий между различными государствами

на семейные отношения, а также изучаются вопросы определения применимого права. В ходе исследования рассматриваются трансграничный характер семейно-правовых отношений, значение коллизионных норм в их регулировании, а также различия между различными правовыми системами. Автор анализирует вопросы заключения и расторжения брака, правовые отношения между родителями и детьми, алиментные обязательства и усыновление с точки зрения норм международного частного права. Кроме того, определяется влияние международных договоров, национального законодательства и судебной практики на правовое регулирование семейных отношений. Научная новизна статьи заключается в оценке семейного права в международном частном праве как самостоятельного и основного правового объекта, что позволяет выявить актуальные проблемы его правоприменительной практики. Результаты исследования рекомендованы к использованию в правоприменительной деятельности и научных исследованиях.

Ключевые слова: Международное частное право, семейное право, международное право, брак, расторжение брака, усыновление, международные конвенции, международные договоры.

Nurgalym K.S.[1], Abdigali A.[2]
[1]Associate professor oflnternatonal Law, Abay KazNPU, candidate of political sciences
[2]1th year undergraduate, specialization international law, Sorbonne-Kazakhstan Institute at KazNPU named after Abay

FAMILY LAW AS A SUBJECT OF PRIVATE INTERNATIONAL LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

In this article, the main object of family law in private international law and the features of its regulation are examined. The influence of legal differences between various states on family relations is analyzed, and issues related to the determination of the applicable law are also studied. In the course of the study, the cross-border nature of family-law relations, the importance of conflict-of-laws rules in their regulation, as well as differences between various legal systems are examined. The author analyzes issues related to the conclusion and dissolution of marriage, legal relations between parents and children, maintenance (alimony) obligations, and adoption from the perspective of the norms of private international law. Naddition, the influence of international treaties, national legislation, and judicial practice on the legal regulation of family relations is determined. The scientific novelty of the article lies in the assessment of family law in private international law as an independent and primary legal object, which makes it possible to identify current issues in its law-enforcement practice. The results of the study are recommended for use in law-enforcement activities and academic research.

Keywords: private international law, family law, international law, marriage, dissolution of marriage, adoption, international conventions, international treaties.

Қазіргі кезеңде халықаралық қатынастардың қарқынды дамуы жеке тұлғалардың мемлекеттер арасындағы қозғалысының кеңеюіне, халықаралық еңбек көші-қонының, білім беру және кәсіпкерлік байланыстардың өсуіне, сондай-ақ әртүрлі мемлекеттердің азаматтары арасында отбасылық байланыстардың қалыптасуына алып келуде. Нәтижесінде бір мемлекетте пайда болған отбасылық-құқықтық қатынас басқа мемлекеттің аумағында жалғасуы немесе бірнеше мемлекеттің құқықтық жүйелерімен қатар байланыста болуы мүмкін.

Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматы шетел азаматына шетел мемлекетінің аумағында некеге тұруы, кейін Қазақстанға тұрақты тұру үшін көшуі, баласының үшінші мемлекетте дүниеге келуі және ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік даудың Қазақстан сотында қаралуы мүмкін. Осындай жағдайда бір ғана ұлттық құқық жүйесін қолдану жеткіліксіз болып, халықаралық жеке құқықтың арнайы механизмдерін пайдалану қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы отбасыны, ана мен әкені және баланы мемлекеттің қорғауында деп таниды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының ратификациялаған халықаралық шарттарында ұлттық заңнамада көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленген жағдайда халықаралық шарттардың ережелері қолданылатыны бекітілген [1].

Осыған байланысты неке-отбасы қатынастары халықаралық жеке құқықтың маңызды объектілерінің бірі болып табылады. Олардың ерекшелігі – отбасылық қатынастардың жеке сипатымен қатар, мемлекеттің қоғамдық тәртіпті, баланың құқықтарын және отбасы институтын қорғауға бағытталған жария-құқықтық мүдделердің болуында.

Зерттеу барысында халықаралық жеке құқықтағы отбасы-құқықтық қатынастарды негізгі объект ретінде жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы-құқықтық әдістер кешені қолданылды. Атап айтқанда, зерттеудің теориялық негізін диалектикалық әдіс құрайды, ол халықаралық жеке құқық нормаларының даму үрдістерін, олардың өзара байланысы мен өзгермелілігін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының халықаралық жеке құқығы жүйесіндегі неке-отбасы қатынастарының құқықтық табиғатын анықтау, коллизиялық реттеу ерекшеліктерін талдау және ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Халықаралық жеке құқықтың объектісі ретінде неке-отбасы қатынастары деп құрамында шетелдік элементі бар және кемінде екі мемлекеттің құқықтық жүйесімен байланысты отбасылық қатынастарды түсіну қажет.

Халықаралық жеке құқықтағы «шетелдік элемент» үш негізгі нысанда көрінуі мүмкін:

1. қатынастың субъектісі шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болуы;
2. құқықтық қатынас объектісінің шетел мемлекетінің аумағында орналасуы;
3. заңдық фактінің шетел мемлекетінің аумағында орын алуы.

Неке-отбасы саласында шетелдік элемент осы нысандардың біреуімен ғана шектелмейді. Бір отбасылық қатынаста бірнеше шетелдік элемент қатар кездесуі мүмкін.

Мәселен, Қазақстан азаматы Франция азаматына Франция аумағында некеге тұрса, бұл қатынаста субъектілердің азаматтығы әртүрлі, неке қию фактісі шетелде орын алған және кейін ерлі-зайыптылардың тұрғылықты жері Қазақстанда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда некеге тұру шарттары, оның нысаны, жарамдылығы, ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтары әртүрлі коллизиялық нормалар негізінде анықталуы ықтимал.

Осы тұрғыдан алғанда, неке-отбасы қатынастары халықаралық жеке құқықтың дербес объектісі ретінде бірнеше өзара байланысты элементтерден тұрады:

- неке қию;
- некені жарамды деп тану;
- некені жарамсыз деп тану;
- некені бұзу;
- ерлі-зайыптылардың жеке құқықтары;
- ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары;
- ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар;
- әкелікті және аналықты анықтау.

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы отбасы қатынастарының кең ауқымын реттейді. Кодексте неке мен отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттер, неке қию және бұзу тәртібі, ата-аналар мен балалардың құқықтары, бала асырап алу және басқа да институттар көзделген [2].

Қазақстан мен Қытай арасындағы неке-отбасы қатынастарын салыстырмалы түрде зерттеу де маңызды. Екі мемлекеттің азаматтары арасындағы некелерге байланысты құқықтық мәселелерді талдау заңнамалардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде халықаралық отбасылық қатынастарда туындайтын мәселелерді шешудің тиімді жолдарын ұсынуға көмектеседі. Осыған байланысты мен халықаралық неке-отбасы қатынастарын жетілдіру үшін бірнеше ұсыныс білдіргім келеді. Біріншіден, шетел азаматтарымен некеге тұратын адамдарға құқықтық ақпарат беру жұмыстарын күшейту қажет. Екіншіден, халықаралық отбасылық дауларды шешу кезінде мемлекеттер арасындағы құқықтық ынтымақтастықты дамыту маңызды. Үшіншіден, балалардың құқықтарын қорғау және ерлі-зайыптылардың мүліктік мүдделерін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Демек, халықаралық жеке құқық тұрғысынан неке-отбасы қатынастарының объектісі тек «халықаралық неке» ұғымымен шектелмейді. Ол шетелдік элементі бар барлық негізгі отбасылық-құқықтық қатынастарды қамтиды.

Қазақстандағы халықаралық жеке құқықтағы неке-отбасы қатынастары бірнеше құқықтық қайнар көздер арқылы реттеледі. Біріншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясы отбасы институтының, ана мен әкенің және

баланың мемлекеттік қорғауда болуын бекітетін негізгі құқықтық негіз болып табылады. Екіншіден, негізгі арнайы акт – Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі. Кодекстің қазіргі редакциясында халықаралық элементі бар отбасылық қатынастарды реттеуге арналған арнайы нормалар жүйесі бар. Кодекстің тиісті бөлімінде Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қолдану мәселелері реттеледі. Кодекстің 275-бабы ерлі-зайыптылардың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттерін анықтауға арналған коллизиялық норманы бекітеді, ал кейінгі баптар әкелікті (аналықты), ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін, алименттік міндеттемелерді және бала асырап алуды қамтиды [3].

Үшіншіден, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормалары да маңызды мәнге ие. Отбасылық қатынастардың кейбір мүліктік аспектілері тікелей неке-отбасы заңнамасымен реттелмеген жағдайда, олардың табиғатына қайшы келмейтін дәрежеде азаматтық заңнама қолданылуы мүмкін[4]. Төртіншіден, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасы шетелдік тұлғалардың сот процесіне қатысуы, халықаралық соттылық, шетелдік соттардың шешімдерін тану және орындау мәселелерін реттейді.

Бесіншіден, халықаралық шарттар ерекше орын алады. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда ұлттық заңнамадан өзгеше қағидалар белгіленсе, халықаралық шарттың нормалары қолданылады. Бұл қағида Қазақстанның неке-отбасы заңнамасында тікелей бекітілген.

Осылайша, халықаралық жеке құқықтағы неке-отбасы қатынастарының қайнар көздері ұлттық және халықаралық құқықтың өзара байланысына негізделген көпдеңгейлі жүйені құрайды. Әртүрлі мемлекеттердің ұлттық заңнамалары некеге тұрудың жасына, некеге тұруға кедергі келтіретін мән-жайларға, бұрынғы некенің болуына, туыстық қатынастарға, нысанға және мемлекеттік тіркеуге қатысты әртүрлі талаптар белгілеуі мүмкін.

Осыдан коллизиялық мәселе туындайды: нақты некеге тұру жағдайында қай мемлекеттің заңнамасы қолданылуға тиіс. Халықаралық жеке құқықта бұл мәселені шешу үшін әдетте екі түрлі құқықтық байланыс пайдаланылады: адамның жеке заңы және неке қию орнының заңы. Қазақстан заңнамасында шетелдік элементі бар некелерді реттеу кезінде осы екі құқықтық байланыстың үйлесуі байқалады. Некенің нысаны мен оны тіркеу тәртібі көбіне неке жасалған мемлекеттің заңымен байланысты болса, некеге тұруға қабілеттілік пен некеге тұруға кедергілер белгілі жағдайларда тұлғаның жеке заңымен анықталуы мүмкін.

Бұл ретте Қазақстан аумағында жасалатын неке Қазақстан Республикасының міндетті талаптарына бағынады. Яғни шетелдік азамат Қазақстан аумағында некеге тұрған кезде оның шетелдік азамат болуы Қазақстанның негізгі императивтік талаптарын айналып өтуге мүмкіндік бермейді.

Халықаралық жеке құқықтың маңызды қағидаларының бірі – қоғамдық тәртіп туралы ескертпе. Егер шетел мемлекетінің құқығын қолдану Қазақстан

Республикасының құқықтық тәртібінің негізгі қағидаларына, Конституцияға немесе адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына қайшы келсе, Қазақстан соты мұндай құқықты қолданудан бас тарта алады.

Бұл қағида әсіресе неке-отбасы қатынастарына қатысты ерекше маңызға ие, өйткені отбасы құқығы мемлекеттердің ұлттық құқықтық, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерімен тығыз байланысты некеге тұру кезіндегі коллизиялық мәселелерді тиімді шешу үшін ұлттық заңнаманың нормаларын дұрыс қолдану, халықаралық шарттардың талаптарын ескеру және мемлекеттер арасындағы құқықтық ынтымақтастықты жетілдіру қажет. Бұл шаралар халықаралық неке қатынастарында туындайтын құқықтық қиындықтарды азайтып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 230-бабына сәйкес, Қазақстан азаматтары арасында немесе Қазақстан азаматтары мен шетел азаматтары арасында шетелде қиылған неке, жалпы ереже бойынша, неке қиылған мемлекеттің заңнамасы сақталған жағдайда Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

Мысалы, шетелде некеге тұрған Қазақстан азаматы кейін Қазақстан аумағында мүлік сатып алған жағдайда ерлі-зайыптылардың мүліктік режимін анықтау қажеттілігі туындайды. Бұл жерде неке фактісін танумен қатар, ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтарына қолданылатын құқықты анықтау мәселесі пайда болады.

Менің ойымша, бұл саладағы негізгі мәселелердің бірі — шетелде берілген неке туралы құжаттарды Қазақстанда пайдалану кезінде туындайтын қиындықтар. Мысалы, құжаттарды аудару, олардың түпнұсқалығын растау және тиісті мемлекеттік органдарға ұсыну қажеттілігі азаматтар үшін қосымша уақыт пен шығынды талап етуі мүмкін. Сондықтан шетелде некеге тұрған азаматтарға құжаттарды рәсімдеу тәртібі туралы түсінікті әрі қолжетімді құқықтық ақпарат беру маңызды деп есептеймін. Сонымен қатар, Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық неке қатынастарын қарастыру бұл мәселенің өзектілігін айқын көрсетеді. Мысалы, Қазақстан азаматы Қытай азаматына Қытай аумағында заңды түрде некеге тұрған жағдайда, олардың некелік қатынастары Қазақстанда да құқықтық салдарлар туындатуы мүмкін. Алайда мұндай некені тану кезінде Қазақстан заңнамасының талаптары мен тиісті халықаралық шарттардың ережелері ескерілуі қажет. Осыған байланысты екі мемлекеттің заңнамаларын салыстырмалы түрде зерттеу маңызды деп санаймын.

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты некені бұзу мәселелерін реттейтін арнайы нормалар бар. Халықаралық жеке құқықта некені бұзу кезінде ерлі-зайыптылардың азаматтығы ғана емес, олардың ортақ тұрғылықты жері де маңызды құқықтық байланыс болып табылады. Қазақстан заңнамасының маңызды ерекшелігі – ерлі-зайыптылардың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде олардың ортақ тұрғылықты жеріне басымдық берілуі. Егер ерлі-зайыптылардың ортақ тұрғылықты жері болмаса, олардың соңғы ортақ тұрғылықты жерінің мемлекетінің заңнамасы ескеріледі.

Ал бұрын ортақ тұрғылықты жері болмаған ерлі-зайыптылардың Қазақстан аумағындағы қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылуы көзделген [5].

Бұл коллизиялық норма халықаралық жеке құқықтағы кең таралған «ең тығыз байланыс» қағидатына жақын келеді. Мысалы, Қазақстан азаматы мен Германия азаматы некеге тұрғаннан кейін бірнеше жыл Германияда бірге өмір сүрсе, олардың мүліктік қатынастарына байланысты дау туындаған жағдайда ортақ тұрғылықты жердің құқығы негізгі байланыстырушы фактор ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл тәсіл азаматтыққа ғана негізделген реттеуден гөрі отбасының нақты әлеуметтік байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Халықаралық жеке құқықтағы ерекше сезімтал сала – ата-аналар мен балалар арасындағы қатынастар.

Мұнда баланың азаматтығы, туған жері, ата-аналардың азаматтығы, баланың тұрғылықты жері және ата-аналардың тұрғылықты жері сияқты бірнеше факторлар қатар жүреді. Қазақстан заңнамасында әкелікті немесе аналықты белгілеу және даулау мәселелері бойынша баланың туған кездегі азаматтығы маңызды байланыстырушы фактор ретінде қарастырылған. Ал Қазақстан аумағында мұндай құқықтық қатынастарды рәсімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына бағынады [6].

Бұл ретте халықаралық жеке құқықтың қазіргі даму үрдістерінде баланың мүдделерін қорғау қағидаты ерекше орын алады.

Бала ата-анасының ажырасуына байланысты бірнеше мемлекеттің аумағында өмір сүруі мүмкін. Мысалы, баланың анасы Қазақстанда, әкесі Францияда тұруы мүмкін, ал баланың өзі мектепті үшінші мемлекетте оқуы ықтимал. Мұндай жағдайда ата-ананың баламен қарым-қатынасы, баланың тұрғылықты жері, оны шетелге алып кету, алимент төлеу және сот шешімін орындау мәселелері халықаралық жеке құқықтың күрделі объектілеріне айналады.

Сондықтан ата-аналар мен балалар арасындағы қатынастарда формальды азаматтық өлшемінен гөрі баланың тұрақты тұрғылықты жері мен оның ең үздік мүдделері қағидатын басшылыққа алу маңызды. Алименттік қатынастар халықаралық жеке құқықта практикалық маңызы жоғары институттардың бірі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың немесе ата-аналар мен балалардың әртүрлі мемлекеттерде тұруы алиментті белгілеу, оның мөлшерін анықтау, сот шешімін шығару және оны орындау мәселелерін күрделендіреді.

Мысалы, Қазақстан аумағында тұратын балаға алимент төлеуге міндетті ата-ана шетел мемлекетінде тұруы мүмкін. Қазақстан соты алимент өндіріп алу туралы шешім шығарған жағдайда, оны шетелде орындау үшін халықаралық құқықтық көмек механизмдерін қолдану қажет болады.

Бұл салада халықаралық шарттардың маңызы ерекше. Халықаралық шарттар сот құжаттарын беру, дәлелдемелерді алу, сот шешімдерін тану және орындау тәртібін жеңілдетуге бағытталуы мүмкін.

Алименттік міндеттемелерді халықаралық деңгейде тиімді орындаудың басты мақсаты – баланың материалдық мүдделерін қорғау. Сондықтан бұл салада процессуалдық формализмнен гөрі баланың құқықтарын нақты қамтамасыз етуге бағытталған тәсіл басым болуы тиіс. Шетелдік элементі бар неке-отбасы қатынастарының ең күрделі бағыттарының бірі – халықаралық бала асырап алу. Қазақстан Республикасының заңнамасы шетелдік азаматтардың Қазақстан азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуына байланысты арнайы талаптар белгілейді. Мұндай қатынастарда баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау басты орын алады.

Халықаралық бала асырап алу кезінде бірнеше құқықтық жүйенің өзара байланысы туындайды:

– баланың азаматтығы мемлекетінің құқығы;
– асырап алушының азаматтығы мемлекетінің құқығы;
– баланың тұрақты тұратын жерінің құқығы;
– бала асырап алу рәсімі жүзеге асырылатын мемлекеттің құқығы.

Бұл ретте мемлекеттердің ынтымақтастығы өте маңызды. Бала асырап алудың халықаралық сипаты бала саудасы, баланы заңсыз әкету және оның құқықтарын бұзу тәуекелдерін арттыруы мүмкін. Сондықтан халықаралық бала асырап алу кезінде тек коллизиялық нормаларды анықтау жеткіліксіз. Мемлекетаралық әкімшілік және сот ынтымақтастығының тиімді механизмдері де қажет. Халықаралық отбасылық дауларда сот шешімдерін тану және орындау мәселесі ерекше маңызға ие.

Егер Қазақстан Республикасының соты некені бұзу немесе алимент өндіру туралы шешім қабылдаса, ал борышкер немесе оның мүлкі шетелде орналасса, Қазақстан сотының шешімін сол мемлекетте орындау мәселесі туындайды. Керісінше, шетел мемлекетінің соты шығарған шешім Қазақстан аумағында орындалуы қажет болуы мүмкін. Бұл жағдайда сот шешімдерін өзара тану және орындау мемлекеттер арасындағы халықаралық шарттарға немесе ұлттық заңнамаға негізделеді. Қазақстанның азаматтық процестік заңнамасында шетелдік тұлғалардың қатысуымен істерді қарауға, халықаралық соттылыққа, шетелдік соттардың шешімдерін тануға және орындауға арналған арнайы нормалар көзделген [7].

Қазіргі таңда азаматтық хал актілерін тіркеу, сот ісін жүргізу және құжат айналымы цифрландырылуда. Болашақта халықаралық отбасылық құқықтық қатынастар бойынша құжаттарды электрондық түрде өзара тану, олардың түпнұсқалығын тексеру және мемлекетаралық деректер алмасу механизмдерін дамыту қажеттілігі артады.

Ерлі-зайыптылардың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттерін анықтауда олардың ортақ тұрғылықты жерінің құқығына басымдық берілуі халықаралық жеке құқықтың заманауи үрдістеріне сәйкес келеді. Бұл тәсіл тараптардың нақты өмірлік және әлеуметтік байланыстарын ескеруге мүмкіндік береді. Халықаралық отбасылық қатынастарды цифрландыру шеңберінде азаматтық хал актілері туралы мәліметтерді мемлекетаралық құқықтық тану, электрондық құжаттардың түпнұсқалығын растау және сот

органдары арасындағы ақпарат алмасу механизмдерін дамыту перспективалы бағыт болып табылады.

Осылайша, неке-отбасы қатынастары халықаралық жеке құқықтың дәстүрлі институты бола отырып, қазіргі кезеңде жаңа мазмұнға ие болуда. Қазақстан Республикасының алдында тұрған негізгі міндет – ұлттық отбасы құқығының ерекшеліктерін сақтай отырып, халықаралық жеке құқықтың заманауи қағидаттары мен стандарттарына сәйкес келетін, отбасы мүшелерінің, ең алдымен балалардың құқықтарын тиімді қорғайтын коллизиялық және процессуалдық механизмдерді қалыптастыру.

Қазақстанның халықаралық жеке құқығындағы неке-отбасы қатынастарының одан әрі дамуы ұлттық заңнаманың халықаралық стандарттармен үйлесімділігіне, мемлекетаралық құқықтық ынтымақтастықтың тиімділігіне және трансшекаралық отбасылық дауларды шешудің қолжетімді әрі болжамды механизмдерін қалыптастыруға байланысты болады.

Қорытындылай келе, менің ойымша, Қазақстан Республикасының халықаралық жеке құқық саласындағы неке-отбасы қатынастарын реттейтін қайнар көздерін жетілдіру ұлттық заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар, халықаралық құқықтық ынтымақтастықты дамытуға да бағытталуы керек. Ұлттық заңнама, халықаралық шарттар және құқық қолдану тәжірибесі өзара үйлесімді болған жағдайда ғана халықаралық отбасылық қатынастарда туындайтын мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік туады. Сондықтан бұл саланы одан әрі зерттеу және құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеу қазіргі кезеңдегі маңызды ғылыми міндеттердің бірі деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі.*
2. *Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі. 7-бөлім. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы нормаларын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қолдану.*
3. *Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім).*
4. *Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Халықаралық процесс және шетелдік тұлғалардың қатысуымен істерді қарау туралы ережелер.*
5. *Біріккен Ұлттар Ұйымының 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы конвенциясы.*
6. *Біріккен Ұлттар Ұйымының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті.*
7. *Гаага халықаралық жеке құқық конференциясының халықаралық отбасы құқығы саласындағы конвенциялары.*